

# ПОСТ-РЕЛИЗ

7-қыркүйек 2018 ж.

## Еуропалық Одақтың жобасы ауыл тұрғындарын кіші бизнесті дамытуға үйретуде

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ** – 2018 жылдың 5-7 қыркүйегінде Өскемен қаласында Еуропалық Одақтың «Шығыс және Орталық Қазақстанда жергілікті деңгейде мүдделі тараптардың белсенді қатысуы» жобасы аясында ауыл қауымдастығының 30 өкіліне арналған кіші бизнесті дамыту тақырыбында үш күндік тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты – кәсіпкерлік істі бастау мен тиімді жүргізуге арналған сәйкестендірілген және қолайлы білім кешенін беру. Оқу барысында келесі тәсілдер қолданылды: энерджайзерлер, кіші топтардағы жұмыс, жалпы талқылау, презентациялар, кіші-лекциялар, ашық сұрақтар, ой-талқы.

Тренинг қатысушылары келесі сұрақтар бойынша өз білімдерін жетілдірді:

- Кәсіпкерліктің негізі. Кәсіпкерлердің жиі істейтін қателері. Бизнес идеяны іздестірудің 7 тәсілі.
- Ресурстық талқылау. Бизнесті бастауға және дамытуға қажетті 7 ресурс түрі. Ресурстардың анализі және диагностикасы.
- Бизнес идеяны тудыру. Кіші топтардағы жұмыс, шынайы жобаны диверсификациялау.
- Іскерліктің жұмыс картасы. Бизнесті жоспарлау. Мықты және әлсіз жақтардың, мүмкіндіктер мен қауіптердің анализі. Топтардағы жұмыс, жеке шынайы жобаның мысалындағы ой-талқы. Жобалардың презентациясы.
- PEST анализі. Нарықтың сыртқы факторларын талдау. ЖК мен ЖШС-ның айырмашылықтары. Салықтар мен салық салу.
- Маркетингтің тиімді жабдықтары. Парето Заңын – 80/20 Қағидасын қолданудың өрісі және мысалдары. Нарық анализі және маркетингтік зерттеудің негізгі қағидалары. 5P маркетинг нышаны: тауар, баға, орын, жылжыту, қатысушылар.
- Қолданушылардың мінез-құлқы. Мақсатты аудиторияны анықтау. Қолданушының қажеттіліктерін бағалау. Қолданушылармен қатынас нүктелері. Жарнама хабарын жасаудың ережелері. Бизнесті жылжытудың дағдылары мен жабдықтары.
- Бизнес-жоспардың құрылымын зерттеу және оны жазудың дағдылары. Залалсыздық нүктесін график пен мысалдарда санап шығару.
- Кәсіпкерлік дағдыларын анықтау. Шынайы кәсіпкерлік кейстерін талдау.
- Кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар.
- Жеке қаржыны басқару (отбасы бюджетін басқару, жинақ жасаудың, және де жеке капиталды көбейтудің әдістері мен жабдықтары).

Тренинг материалдары келесі сілтеме бойынша жетімді <http://argonet.org/materialy-proekta/>.

Еуропалық Одақтың «Шығыс және Орталық Қазақстанда жергілікті деңгейде мүдделі тараптардың белсенді қатысуы» жобасының қолдауымен құрылған бизнес мекемелер әйелдер, жастар және басқа да әлеуметтік тұрғыдағы әлсіз топтарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Кіші және орта бизнес мекемелері жергілікті бюджетті толықтыруға жәрдемдеседі. Жобаларды жазу барысында жарысқа қатысушыларға жоба сарапшылары қолдау көрсететін болады.

ЕО жобасы 2017 - 2020 жж. «АРГО» Азаматтық қоғамды дамыту ассоциациясымен, Жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау қорымен (Болгария), «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту орталығы» ҚҚ-мен және «ЭКОЦЕНТР» Қарағанды Өңірлік Экологиялық Орталығымен жүзеге асырылады. Жобаның жалпы бюджеті - 470 000 евро, оның ішінде ЕО-ның салымы 420 000 евроны құрады.

### Ақпараттық анықтама

Қосымша ақпарат алу үшін «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту орталығы» ҚҚ-ның Директоры **Надежда Сафоноваға**: +7 (7232) 775 793, эл.пошта: [safonova-n@yandex.ru](mailto:safonova-n@yandex.ru); Жоба менеджері **Нұршат Ертаеваға**: +7 (7172) 516 964, [nurshat@argonet.org](mailto:nurshat@argonet.org); немесе Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің пресс-хатшысы **Эльнара Байназароваға**: эл.пошта: [elnara.bainazarova@eeas.europa.eu](mailto:elnara.bainazarova@eeas.europa.eu) хабарласыңыз.



euinkz



euinkazakhstan



euinkazakhstan